

bilimger.kzРеспубликалық білім және ғылым порталы
<https://bilimger.kz>
ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:
KZ45VPY00102718

2019

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША**Ойыншықтар сыры.****ЖАРИЯЛАНДЫ**
04.03.2019**СІЛТЕМЕ**
<https://bilimger.kz/37639/>**АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА**

«Екпетал мектеп балабақшасы» КММ

Бекітемін:

Балабақша

әдіскері:

Меңдіғожина С

Тақырыбы: Ойыншықтар сыры.**(ашық сабақ)**

Өткізген: Тәрбиеші Бисенғалиева

Л

2018 оқу жылы

Білім саласы: « Коммуникация»

Бөлімі: «Тілін дамыту» « Шығармашылық»

Сабақтың тақырыбы: Ойыншықтар сыры.

Сабақтың мақсаты: Ойыншықтар туралы түсініктерін кеңейту. Балалардың сөздік қорын дамытуда дыбыстық мәдениетті қалыптастыру. Өлең, тақпақ ,ойын арқылы балалардың ойлау қабілетін арттыру. Ойыншықтарға деген жылулық сезімдерін ояту.

Сабақтың көрнекіліктері: түрлі ойыншықтар, ұнтаспа, күн сәулесі бейнесі, бейнероликтер.

Әдіс-тәсілдері: түсіндіру, сұрақ-жауап, дидактикалық ойын.

Сабақ барысы:

Тәрбиеші: Балалар бәрің маған қараңдаршы. Барлығың қандай әдемі болып кеткенсіңдер. Қәне орнымыздан тұрып жылулық шеңбер құрайық.

Қайырлы таң ұстазым!

Добрый день учитель!

Қайырлы таң достарым.

Добрый день друзья!

Шеңберге тұрайық,

Посмотрите друг на друга,

Жылулық сыйлайық.-

Пожелатие добра!— өте жақсы

балалар

Олай болса бүгінгі оқу- қызметіне көптеген қонақтар келіпті қәне қонақтармен амандасып аламыз.

-Сәлеметсіздерме апайлар!

-Балалар жылдың неше мезгілі болады?

— қыс,көктем ,жаз, күз.

Қазір жылдың қай мезгілі?

-Көктем мезгілі.

-Көктем айларын атаңдаршы?

-Наурыз ,сәуір ,мамыр.

Көктем мезгілінің ерекшеліктерін айтып беріңдерші?

Тәрбиеші: Балалар таңертен сендер балабақшаға келгенде сендерді кім күтіп алады?

—Апайлар

— Ойыншықтар

Олай болса, балалар ашық оқу- қызметіміздің тақырыбы міне осы ойыншықтардың сырын ашу.

(Балаларға бейне ролик көрсету)

Өте жақсы балалар.(осы кезде музыка қосылады.)

Осы кезде әдемі әуенмен Күлдірген кіреді.

Күлдірген: Сәлеметсіңдер ме балалар.Менімен бірге ойыншықтар еліне саяхатқа барсыңдарма?

Балалар: Сәлеметсіз бе

күлдірген. Ияя

Күлдірген: Балалар сендердің аттарың кім?

Балалар аттарын айтады.

Күлдірген: Сенің жасың нешеде?

Балалардың жауабы: бесте.

Күлдірген:Ой, қандай жақсы балалар. Апай мен керемет сиқыршымын ғой. Мен жүрген жердің бәрі ғажайып әлем, мен сіздің балаларыңызға бір керемет көрсетіп берейін бе?

Тәрбиеші: балалар күлдіргеннің кереметін көрейік бе?

Балалар: иә, көрейікші.

Тәрбиеші: Олай болса, көрсет өнеріңді күлдірген.

(жерде беті жабулы түрлі-түсті қалташалары бар, қалташаларға әдемі ойыншықтар салынған күн сәулесі бейнесі жатады).

Күлдірген сиқырлы сөздерін айтып жапқышты ашып қалады.

Тәрбиеші: Балалар қараңдаршы қандай әсем, әдемі қалташалары бар күн сәулесі бейнесі бізге нұрын шашып жатыр. Күлдірген сен неткен керемет сиқыршысың. Ал балалар қалташаларды ашып көрейікші.

Балалар әрқайсысы өз қалташаларына отырады.

Бақыт : мынау аю. Ол жұмсақ, түсі қоңыр. Қорбаң, қорбаң етіп жүреді. Тақпағын айтады Ойыншығым қонжығым

Анасын да білмейді

Корбандаған аюды

Түсінде де көрмейді

.

Мәдина: мынау қуыршақ. Мен қуыршақты ұнатамын. Қуыршақтың қолы, аяғы бар. Мен қуыршақ туралы тақпақ білемін айтып берейінші. Тақпақ айтады.

Ойыншығым қуыршақ

Не берсем де жемейді

Еркелігі соншама

Көтермесең жүрмейді

Нұрхат: қой , түсі ақ, бә — бә — ә дейді. Жүнінен киім тоқиды. Тақпағын айтады.

Қошақаны қойдың

Қайда қалып қойдың

Бүлтіп түр бүйірің

Қай өрістен тойдың.

Айару: Ит . ит- адамның досы. Үй күзетеді. Ит аф- аф — аф , р - р- р- р дейді .Тақпағын айтады.

Ойыншығым күшігім
Сүп-сүйкімді жұп-жұмсақ
Шіренгені болмаса
Отырғандай ұя жұмсап

Жансұлтан : мынау түйе. Түйенің сүтін шұбат дейді. Ол бө -бө — ө — ө дейді.Тақпақ айтады.

Ботақаны нардың

Жарға неге бардың

Тірілсегің тірілдеп

Секіре алмай қалдың.

Айжұлдыз : Мен мысықты жақсы көремін. Оның түсі ақ, мысық сүт ішеді. Мен мысық туралы тақпақ білемін. Тақпақ айтады.

Керіледі мысық,

Екі көзін қысып

Көрінсе оған тышқан.

Жүгіреді жылдам.

Тәрбиеші: Балалар өте жақсы ,ойыншықтар жайлы көп нәрселерді біледі екенсіңдер.

Күлдірген:Ал балалар мен сендермен қош айтысайын деп тұрмын. Мені сендер сияқты басқада балақайлар күтіп отыр. Оларға да барып таңғажайып заттарымды көрсетуім керек. Сау болыңдар, келесі кездескенше балалар.

Балалар: Сау болыңыз.

Тәрбиеші: Балақайлар өздерің шаршап қалған сияқтысыңдар ғой. Кішкене

серігіп алайық. Көне жақындаңдар.

Сергіту сәт: (әуен қосылады)

Тәрбиеші: Кішкене серігіп, көңіл — күйімізді көтеріп алдық. Ал енді балалар сабағымызды жалғастырайық. Осы сабағымызға орай бір ойын ойнайық. Ойын ойнағанды жақсы көресіңдер ме балалар?

Балалар: Иә.

Ал балалар мен сендермен үстел- үсті ойынын: «Домино» ойынын ойнаймыз.

Ойынның шарты : балалар ертегінің артына жасырылған аяқталмаған ойыншықтардың суреттері бар, сол қандай ойыншықтарды құрастырып және атын екі тілде атау қажет.

Тәрбиеші: Көне балалар ойыншықтарыңды қолдарыңа алыңдар. Осы ойыншықтардың суреттерін бояп беріңіздер.

Балалардың алдарына бояу карандаштарын беріп сабаққа әзірлеймін.

Қорытынды:

Дидактикалық ойын: « Кім жылдам?»

Доп арқылы балалар сабақты қорытындылайды.

Тәрбиеші: Балалар бүгінгі өткен сабағымыз сендерге ұнады ма?

— Я

— Олай болса қолдарыңдағы ойыншықтарды тағы екі тілде қайталып айтамыз.

Сабақта ойыншықтар туралы өлең, тақпақ айттыңдар, ойын ойнадыңдар сендерге көп көп рахмет. Осымен бүгінгі ашық сабағымыз аяқталды.

Қонақтармен қош айтысайық.

Көне шеңбер құрайық

Қол ұстасып тұрайық

Көріскенше күн жақсы

Сау саламат болайық!

Балаларға Күлдірген тастап кеткен сыйлықтарын тартып беремін.

Балалар: сау болыңыздар, келесі кездескенше.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.